Жыл сайынғы Қазақстан қаржыгерлерінің конгресінде Ұлттық Банк Төрағасының сөйлейтін сөзі

Құрметті әріптестер, Конгреске қатысушылар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі атынан баршаңызды **Ұлттық валюта күнімен** және қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Теңге — еліміздің **тәуелсіздігінің нышаны**. Ұлттық валютамызға деген сенімді нығайтуға қаржы саласында еңбек етіп жүрген әр маман өз үлесін қосып келеді. Баршаңызға еңбектеріңіз үшін **алғыс айтамыз**.

Құрметті әріптестер, қымбатты достар!

Сіздерді **Қазақстан қаржыгерлерінің жыл сайынғы конгресінде** қарсы алуға қуаныштымыз! Ұлттық валюта күні – кәсіби мерекеміз қарсаңында біз дәстүр бойынша бас қосып, атқарылған жұмысты қорытындылап, алдағы кезеңге арналған жоспарларымызды айқындаймыз.

I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҚ

Алдымен еліміздің экономикасына әсер ететін сыртқы макроэкономикалық жағдайларға қысқаша тоқталайын. Биыл әлемдік экономиканың өсуі 3,1 процентке баяулайды. Ал әлемде болып жатқан оқиғалардың әсерінен жаһандық инфляция 4,7 процентке дейін өседі. Саудадағы шектеулер, геосаяси белгісіздік пен шикізат бағасының құбылуы Қазақстанның экспорттан түсетін кірісіне және елдегі инфляцияға әсер етуде.

Сонымен қатар жасанды интеллект әлем елдерінің экономикасындағы технологиялық үдерістерді түбегейлі өзгертіп жатыр.

Осындай жағдайда Қазақстан экономикасы да тұрақты өсім көрсетіп келеді. 2026 жылдың тоғыз айында жалпы ішкі өнім 4,2 процентке өсті. Ал тау-кен өндіру секторын есепке алмағанда, өсім 5,4 процентті құрады. Соңғы төрт жылда еліміздің экономикасы жыл сайын 5-5,5% процент деңгейінде өсіп келеді.

Төлем балансының ағымдағы шоты профицитпен қалыптасты. Экспорт тек мұнай есебінен ғана емес, тауар түрлерінің 80 проценттен астамы бойынша өсуде. Тікелей шетелдік инвестициялардың 85 проценті шикізаттық емес салаларға секторларға тиесілі.

Құрылыс, көлік және өңдеу өнеркәсібі бойынша өсу басым. Осы секторлардағы жеке инвестициялар да **25** процентке өсті.

Мұның бәрі макроэкономикалық тұрақтылықты сақтай отырып, экономикамызды құрылымдық тұрғыдан әртараптандырудың маңызды екенін көрсетеді.

Ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде сақталған инфляция соңғы 12 ай қатарынан бәсеңдеп, қазір **9,2** процентті құрап отыр. 2027 жылы инфляцияны **6,5–-8,5 процент** деңгейіне дейін, ал **2028 жылға қарай 5 процентке** дейін төмендету көзделіп отыр.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында Ұлттық Банктің баға және қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар,

экономиканы дамытуға да белсенді атсалысуы қажет екенін атап өтті.

Бұл міндеттер, сөзсіз, орындалады. Өйткені олар бір-бірімен тығыз байланысты. Инфляцияның төмен әрі тұрақты болуы кәсіпорындар мен инвесторларға ұзақ мерзімді жоспар құруға, инвестициялық шешімдерді сенімдірек әрі белсендірек қабылдауға мүмкіндік береді. Ал мұндай инвестициялар – болашақ экономикалық өсімнің негізі. Өз кезегінде, орнықты банк жүйесі бизнесті ұзақ мерзімді қаржыландырумен қамтамасыз ете алуы тиіс.

Біз банктерді тұтынушылық кредиттеуден гөрі бизнесті қаржыландыруға көбірек ынталандыру бағытында жұмыс жүргізіп жатырмыз.

Осы мақсатта Үкіметпен және Парламентпен бірлесіп, заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізілді. Соның нәтижесінде банктердің бизнесті кредиттеуден түсетін табысына 20%, ал өзге табыстарына **25%** мөлшерінде салық салу көзделді. Осылайша, бизнесті кредиттеу үшін неғұрлым қолайлы салық шарттары жасалды.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, банктердің кәсіпорындарды кредиттеу мүмкіндіктерін кеңейту үшін бірқатар пруденциялық реттеу шаралары қабылданды. Біз артық өтімділікті азайту, ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру және банктерді экономиканы кредиттеуге қосымша ынталандыру мақсатында ең төменгі резервтік талаптарды

қайта қарадық. Яғни, банктердің белсенді қызмет атқармай-ақ табыс табу мүмкіндігін шектеп, қаражатты экономиканы кредиттеуге көбірек бағыттауына жағдай жасап отырмыз. Біздің мақсатымыз – банктердің бизнесті кредиттеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Жаңадан берілетін кредиттердің құрылымы қазірдің өзінде өзгеріп келеді. Биыл тоғыз айда банктер бизнеске 16,6 трлн теңге көлемінде жаңа кредит берді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,5 процентке көп. Бұған дейін шамадан тыс қарқын алған халықты кредиттеу өсімі тұрақтанды. Қазір бұл бағыттағы жағдай бізді алаңдатпайды.

Макроэкономикалық тұрғыдан Қазақстанның жағдайы тұрақты. Әлемдегі жетекші үш рейтинг агенттігі – S&P, Moody's және Fitch – еліміздің тәуелсіз кредиттік рейтингінің инвестициялық деңгейде екенін растады.

Биыл S&P агенттігі **2016 жылдан бері алғаш рет** Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін **BBB** деңгейіне дейін көтеріп, болжамын «тұрақты» деп белгіледі. Агенттік бұл шешімге негіз болған басты факторлар ретінде экономиканың сыртқы күйзелістерге төзімділігін, халықаралық резервтердің қомақты көлемін, сараланған ақша-кредит саясатын және Ұлттық қор қаражатын басқару тәсілдерін атап өтті.

II. ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ ЖӘНЕ КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫ

Макроэкономикалық тұрақтылық қаржы нарығын одан әрі дамытуға берік негіз қалайды.

Биылғы он айдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің басқаруындағы активтер көлемі шамамен **205 млрд АҚШ долларын** құрады.

2025 жылы Ұлттық қордың қаражатының кірістілігі **15,1** процентке жетіп, қор тарихындағы ең жоғарғы жылдық нәтижені көрсетті. Ал алтын-валюта резервтерінің кірістілігі **43,7** процент болды.

Зейнетақы активтері шоғырландырылған сәттен бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кірістілігі **214,1** процентті құрап, тиісті кезеңде жинақталған инфляция деңгейінен асып түсті.

Біз үшін осындай қомақты активтерді басқару нәтижесін бір жыл немесе бір тоқсан бойынша емес, әрбір инвестициялық портфельдің мақсаттары мен тәуекел деңгейін ескере отырып, ұзақ мерзімде бағалау аса маңызды.

Банк секторы тұрақты көрсеткіштерін сақтап отыр.

Банктердің активтері 15 процентке өсіп, **77 трлн теңгеге** жетті. Депозиттер көлемі **52 трлн теңгеге** дейін ұлғайды. Ал банктердің меншікті капиталы 17 процентке артып, **11,4 трлн теңгені** құрады.

Экономиканы қаржыландырудағы банк секторының рөлін арттыруға басымдық берілді. Соңғы үш жыл ішінде бизнеске берілген кредиттер портфелі тұрақты қарқынмен, жылына шамамен 17 процентке өсіп келеді.

Сонымен қатар, ішкі капитал нарығы дамып келеді.

Қазақстан қор биржасында сауда-саттықтың жиынтық көлемі **437 трлн теңгеге** жетті. KASE индексі **12,6** процентке, ал акциялар нарығын капиталдандыру **23** процентке өсті.

Биыл Қаржы министрлігімен бірлесіп, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында алғашқы дилерлер институты енгізілді. Бұл – біз көптен бері қолға алуды көздеген, ұзақ мерзімді маңызы бар реформалардың бірі.

Бұл реформаның нәтижесі қазірдің өзінде байқалып отыр. Қыркүйек айында мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығының өтімділігі бес есе өсіп, **850 млрд теңге**ге жетті.

Корпоративтік борыш нарығы да дамып келеді. Компаниялар облигациялар шығару арқылы **5,3 трлн теңге** тартты, ал корпоративтік қағаздармен қайталама сауда-саттық көлемі үштен бірге жуық өсті.

Осының нәтижесінде капитал нарығы ұзақ мерзімді қаржыландырудың қосымша көзі ретінде біртіндеп маңызды рөл атқара бастады.

Халықаралық инвесторлардың Қазақстанның қаржы құралдарына қызығушылығы да артып келеді.

J.P. Morgan тарапынан Қазақстанның мемлекеттік облигацияларына **Index Watch Positive** мәртебесінің берілуі – оларды GBI-EM индексіне енгізу жолындағы маңызды қадам.

Жыл басынан бері бейрезиденттердің мемлекеттік бағалы қағаздарға салған инвестициялары **1 трлн теңгеге** жуық ұлғайды.

Олардың жалпы көлемі шамамен **2,8 трлн теңгеге, яғни** 6,2 миллиард АҚШ долларына жетті. Бұл Қаржы министрлігінің айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарының шамамен **8,8** процентіне тең.

Халықаралық инвесторлық базаны кеңейту нарықтың өтімділігін арттыруға және тұрақты кірістілік қисығын қалыптастыруға ықпал етеді.

III. ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ РЕТТЕУДІ ДАМЫТУ

Мемлекет басшысы Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялаған 2026 жыл еліміздің қаржы секторын цифрландырудағы маңызды кезең болды.

Соңғы он жылда халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдерінің көлемі **116 есе** артып, **190 трлн теңгеге** жетті. Бөлшек сауда айналымындағы қолма-қол ақшасыз операциялар үлесі шамамен **90** процент болды.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы біртіндеп дамып келеді.

Осы бағыттағы маңызды реформалардың бірі – Бірыңғай QR жүйесі және банкаралық ақша аударымдарының толық көлемде іске қосылуы.

Бұл жүйе еліміздің төлем нарығын шоғырландырып, барлық банк арасында кедергісіз төлем жасауға мүмкіндік берді. Төрт айдың ішінде жалпы сомасы **1,4 трлн теңгеге жуық 75 млн**

транзакция жүргізілді. Қазір жүйенің бөлшек саудадағы банкаралық офлайн төлемдердегі үлесі **30** процентке жетіп, өсуін жалғастырып отыр.

Қазір банктердің клиенттер үшін тиімді тарифтер мен бизнес үшін төмендетілген комиссиялар ұсына отырып, бәсекеге түсе бастағанын көруге болады. Осы және басқа да реформалардың нәтижесінде соңғы 3 жылда кәсіпкерлер төлейтін комиссиялар **40** процентке азайды.

Қаржылық алаяқтыққа қарсы күрес құралдарын дамытуды жалғастырамыз. Ұлттық Антифрод-орталық **130 млрд теңгені алаяқтардан қорғап, дер кезінде бұғаттай алды**. Ішкі істер министрлігі күрделі алаяқтық әрекеттерді талдау және анықтау үшін **NBK AI Platform** жасанды интеллект платформасының мүмкіндіктерін қолданылады. Ұлттық Банктің биометриялық сәйкестендіру сервистері азаматтардың цифрлық қаржы қызметтерін қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл сервистер арқылы **ай сайын 4 млн-ға жуық операция** өңделеді. Бас прокуратураның мәліметінше, биылғы тоғыз айда қаржылық алаяқтық көлемі **20%-дан астамға** төмендеді. Мұндай төмендеу 2020 жылдан бері алғаш рет тіркеліп отыр.

Бұл құқық қорғау органдарының, қаржы нарығын реттеушілердің, заң шығарушы органдардың және, әрине, банктердің бірлескен шаралары нақты нәтиже бере бастағанын көрсетеді.

Цифрлық теңге пилоттық шешімдерден практикалық қолданысқа көшті.

Үкіметпен бірлесіп, **цифрлық теңгенің көлемін 2 трлн теңгеге дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз**. Бұл құрал Мемлекет басшысының «Халықтық құрылыс» атты ауқымды бастамасын іске асыруда да қолданылады.

Естеріңізде болса, бір жыл бұрын біз бірқатар бастама туралы айтқан едік. Ол кезде әлі жоспар күйінде болған жобалар бүгінде жүзеге асып жатыр.

Әсіресе **«Банктер туралы» жаңа заңды әзірлеу және цифрлық активтер индустриясын қалыптастыру** бағытында елеулі нәтижелерге қол жеткізілді.

Қазақстан әлемде алғашқылардың бірі болып цифрлық активтер саласын жан-жақты реттейтін құқықтық негіз қалыптастырды. Ол криптовалюталардың заңды айналымынан бастап нақты активтерді токендеуге дейінгі барлық негізгі бағытты қамтиды.

Ағымдағы жылғы 1 мамырдан бастап құқықтық база толық күшіне енді. Сонымен қатар, Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі базасында қажетті тізілімдер мен ұлттық криптокастодиан сияқты қажетті инфрақұрылым құрылды.

KASE **токендеу платформасын және цифрлық активтерге арналған сауда платформасын іске қосты**.

Ұлттық **крипторезерв** іске қосылды.

Мемлекет басшысының Цифрлық активтерді дамыту туралы Жарлыққа қол қоюы маңызды кезең болды. Бұл негізінен – цифрлық қаржы саласын дамытудың ұлттық стратегиясы. Жарлық цифрлық активтер саласының ұлттық институционалдық негізін нығайтумен қатар, криптовалюта айналымына қолайлы салық режимін енгізуге және активтерді токендеуге негізделген экономиканы заң аясында дамытуға әрі реттеуге жол ашты.

Шілдеде алғашқы криптоайырбастау пункті лицензиясы берілді. Қазір елде **8 ресми криптоайырбастау пункті жұмыс істейді**. Бүгінде олардың айналымы **45 млрд теңгені құрады**.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша токендеу инфрақұрылымы белсенді дамып келеді. Мәселен, 27 қазанда KASE платформасында жеке эмитенттердің цифрлық қаржы активтерінің (токенделген облигациялар) алғашқы шығарылымы болып өтті.

9 қарашада Ұлттық Банк алғаш рет ноттарды токенделген форматта шығарды. Осы сауда-саттықтың сәтті өтуі инфрақұрылымның және басқа да институционалдық қағаздардың токенделген форматта шығарылуына **толық дайындықты** білдіреді. Жақын арада Қаржы министрлігімен бірлесіп, токенделген мемлекеттік облигациялар шығаруды жоспарлап отырмыз. Бұл бастаманы **келесі жылдың бірінші тоқсанында** іске асырамыз деп күтеміз.

Нақты активтерді – жылжымайтын мүлікті, қымбат металдар, пайдалы қазбалар мен тағы басқаларды токендеуге ерекше назар аударылды. Шын мәнінде, токендеу активтің кез-келген түрін қаржы құралына айналдырады.

Бірінші санаттағы төлем ұйымдарының жаңа институты іске қосылды. Бұлар – Ұлттық Банктің есеп айырысу инфрақұрылымын пайдалана алатын, іс жүзінде «төлем банктері» қызметін атқаратын ұйымдар. Олар дәстүрлі банктермен бәсекеге түседі.

Бұл қаржы саласындағы бәсекені күшейтіп, оның дамуын жеделдетуге мүмкіндік береді.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, **Қор нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы** және **«Капитал нарығы туралы» заң жобасы** әзірленді.

Биыл азаматтарға зейнетақы жинақтарының 100 процентіне дейінгі бөлігін жеке басқарушы компанияларға беру мүмкіндігі де жасалды.

IV. БІРТҰТАС СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ

Мемлекет басшысы өз Жолдауында **жүргізіліп жатқан реформаларды Қаржы нарығын дамытудың бірыңғай стратегиясы аясында біріктіру** міндетін қойды.

Осы орайда қаржы инфрақұрылымын, капитал нарығын, цифрлық шешімдерді және инвестиция тарту тетіктерін өзара үйлестіре отырып дамыту қажет.

Бұл бағытта **KASE, AIX және Alatau City** маңызды рөл атқаруға тиіс.

Ең алдымен, осы алаңдарда айналыстағы қаржы құралдарын өзара тануды, әкімшілік ынтымақтастықты, ақпарат алмасуды, еліміздің қаржы жүйесін қорғауды және халықаралық деңгейде бірлесіп ілгерілетуді көздеп отырмыз.

Негізгі құқықтық және инфрақұрылымдық жағдайлар жасалды. Ендігі кезекте нарықтың барлық қатысушысы осы іске белсенді атсалысуы қажет.

Біздің Конгресс еліміздің **Тәуелсіздігінің 35 жылдығы** қарсаңында өтіп жатыр.

Осы жылдар ішінде Қазақстан өзінің қаржы жүйесін қалыптастыру жолынан өтті. Ұлттық валюта біздің экономикалық және қаржылық егемендігіміздің негізгі белгілерінің біріне айналды.

Бізде орнықты институттар, заманауи қаржы инфрақұрылым, жаңа технологиялар бар. Ең бастысы, барлық реформаны жүзеге асыруға қажетті саяси ерік-жігер де, оларды іске асыруға қабілетті кәсіби мамандар қауымдастығы да бар.

Алдымызда әлі де көптеген міндеттер тұр – инфляцияны төмендету, экономиканы ұзақ мерзімді қаржыландыруды кеңейту, капитал нарығын дамыту, цифрлық өзгерістерді жалғастыру және қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттыру.

Баршаңызға зор денсаулық, кәсіби табыс және бүгінгі Конгресс аясында мазмұнды пікір алмасу тілеймін! Көп рақмет!